

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
МИНИСТРЛІГІ
РЕСПУБЛИКА БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ**

**2018-2019 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕПТЕРДІҢ 5, 7, 9, 11-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН ҚАЗАҚ
ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНЕН БАСҚЫШТЫ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ
ЕМТИХАН МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН МЕТОДИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР**



ТАШКЕНТ - 2019

Жалпы орта білімнің 5-сынып оқушылары басқышты емтиханды өткізу бойынша методикалық ұсыныстар мен материалдар Республика білім орталығы жанындағы Түркі тілдер ғылыми методикалық кеңесінің 2019 жыл 5 марттағы 1-санды жиналысында талқыланып, іс жүзінде пайдалану үшін ұсынылған.

Жалпы орта білімнің 5-сынып оқушылары басқышты емтиханды өткізу бойынша методикалық ұсыныстар мен материалдарды коммерция мақсатында көбейтіп тарқату мүмкін емес.

Мектеп методбірлестіктері басқышты емтихан материалдарына 15%-ға дейін өзгерту енгізу мүмкін.

Құрастырушылар:

Г. Нишанова - Республика білім орталығының методисті

У. Байқабилов - Республика білім орталығының методисті

Пікір білдірушілері:

1. Х. Савдашова - Ташкент облысы Төменгішыршық ауданына қарасты 40-жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

А.Сагтарова - Ташкент облысы Жоғарышыршық ауданына қарасты 15-жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

2. А.Үмбетова - Ташкент облысы Қыбырай ауданына қарасты 9-жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

3. Т.Сарсенова - Ташкент облысы Төменгішыршық ауданына қарасты 18-жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы.

КІРІСПЕ

Әдебиет пәнінен 5-сыныптардың басқышты емтиханы ауызша түрде өткізіледі.

Басқышты емтихан материалдары 40 билеттен құралып, бірінші сұрақ үйренілген жазушылардың өмірі мен шығармашылығы, көркем әдебиеттер немесе теориялық мәліметтер аясында түзілді. Екінші сұрақта үйренілген өлең үзінділерінен жатқа айта алу дағдыларына ерекше мән берілген. Оқушы өзі таңдаған билет бойынша жауап береді. Оқушыларға тапсырмалар бойынша дайындалу үшін 15 минут уақыт беріледі.

Оқушылардың жауаптары төмендегі бағалау мөлшері негізінде бағаланады:

1	Жазушының өмір жолы, шығармашылық және шығармалары туралы мәліметтерге ие болса, теориялық мәліметтерді білсе, әдеби тіл өлшемдеріне сүйеніп, өз пікірін еркін баяндаса, шығарма немесе оның кейіпкерлері жөніндегі пікірлерін, шығармадан үзінділер келтіре дәлелдей алса;	3 балл	5 балл
	Өлеңді айтуда мәнерлеп оқу критериясына(екпін және логикалық ережелерге) сүйеніп жатқа айта алса;	2 балл	
2	Жазушының өмір жолы мен шығармаларының мазмұнын түсінген болса, шығарма кейіпкерлеріне жалпы мінездеме бере алса, пікірлерін еркін баяндаса;	2,5 балл	4 балл
	Өлеңді мәнерлеп айтуда сөйлеу нормалары аздап бұзылса, тұтылып қалса;	1 балл	
3	Жазушының өмірі, шығармашылығы мен шығармаларын толық оқымағандығы сезілсе, шығарма мен оның кейіпкерлеріне пікірін білдіруде еркін пікірлері болмаса;	2балл	3 балл
	Өлеңді мәнерлеп оқуда әдеби тіл өлшемдері бұзылса, кейбір қатарларын ұмытқан болса;	1 балл	
4	Жазушының өмірі, шығармашылығы мен шығармалары жайлы жалпы мәліметтерді ғана білсе, шығармамен оның кейіпкерлеріне пікір бірдіре алмаса;	1 балл	2 балл
	Өлеңді жарым-жартылай айтса, тақырып бойынша оқытушы тарапынан берілген сұрақтарға қысқаша жауап берсе;	1 балл	
5	Билет сұрақтарына мүлдем жауап бере алмаса, қосымша сұрақтарға жарым-жартылай жауап берсе.	1 балл	

Ескерту: Берілген жауаптар көрсетілген бағалау мөлшерінен біраз ерекшеленсе де, жоғарыдағы мөлшерлер негізінде бағаланады.

1-билет

1. Өзбекстан рәміздері жайлы түсінік бер.
2. Халық ауыз әдебиетінен «Бесік жырын» жатқа айт.

2-билет

1. Абай Құнанбаевтың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің екі шумағын жатқа айт.
2. Төрт түлік туралы жырлардан мәлімет бер.

3-билет

1. Оқу, өнер, білім туралы мақал- мәтелдерді жатқа айтыңдар.
2. Сырбай Мәуленов «Менің Республикам» өлеңі жайлы өз түсініктеріңді айтып беріңдер.

4-билет

1. «Алтын сақа» ертегісінің мазмұнын қысқаша айтып бер.
2. Төрт түлік малдың пірі болған “Зеңгі баба” жайлы өлеңнен үзінді айт.

5-билет

1. Шешендік сөздер дегеніміз не? Мысалдар келтір.
2. Жұбан Молдағалиевтың «Ар-ұят» өлеңін мәнерлеп оқып, түсінігіңді айт.

6-билет

1. Ғабит Мүсіреповтің «Жаңа достар» шығармасы жайлы қысқаша түсінік бер.
2. Наурыз өлеңдерінен жатқа айтыңдар.

7- билет

1. Жүсіп Баласағунидің «Құдатғу білік» дастаны туралы мәлімет бер.
2. Махамбет Өтемісұлының «Қызғыш құс» өлеңін жатқа айт.

8-билет

1. Ыбырай Алтынсаринның «Әке мен бала» әңгімесінің мазмұнын айтып бер.
2. Тәлім-тәрбие жайлы мақалдардан айт.

9-билет

1. Абай Құнанбаевтың өмірі жайлы қысқаша мәлімет бер.
2. Әдеби ертегілердің халық ертегілерінен айырмашылығы туралы айт.

10-билет

1. Әбділда Тәжібаевтің «Толағай» ертегісінің мазмұнын айт.
2. Шешендік сөздерден «Тайкелтірдің төрелігін» оқып, мазмұнын айт.

11-билет

1. Абай Құнанбаевтың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін жатқа айтып бер.
2. Ш. Құдайбердіұлының өмір жолы мен шығармашылығы туралы айтып бер.

12-билет

1. Жұмбақтар дегеніміз не, оның қандай түрлері бар?
2. «Жиренше шешен мен Қарашаш сұлуға» мінездеме бер.

13-билет

1. Жамбыл Жабаевтың «Өтеген батыр» поэмасындағы Өтеген батырға анықтама бер.
2. А.Байтұрсынұлының «Өгіз бен бақа» мысал өлеңінен үзіндіні жатқа айт.

14-билет

1. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шілде» өлеңін жатқа айт.
2. Ы. Алтынсаринның «Бақша ағаштары» әңгімесінің мазмұнын айтып бер.

15-билет

1. Ілияс Жансүгіровтің «Күй» поэмасындағы табиғат көрінісін суреттеп бер.
2. Шешендік сөздердегі «Сырым мен Малайсары» туралы айтылған шешендік сөздерді айт.

16-билет

1. Бейімбет Майлиннің «Қанды кек» әңгімесі не туралы айтылған?
2. Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдерді жатқа айт.

17-билет

1. Мұхтар Әуезовтің өмір жолы мен шығармашылығы туралы айт.
2. Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» әңгімесінің мазмұнын айт.

18-билет

1. Сапарғали Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесіндегі Бала Шоқанға мінездеме бер.
2. Абай Құнанбаевтың «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңін мәнерлеп, жатқа айт.

19-билет

1. Айтыскер ақын Жамбыл Жабаевтың ұстазы Сүйінбай туралы айт.
2. Еңбек туралы мақал-мәтелдерден жатқа айт.

20-билет

1. Сәбит Мұқановтың «Лашын» әңгімесінің мазмұнын айтып бер.
2. Мұқағали Мақатаевтың «Барлығыда сендердікі» өлеңінен үзінді жатқа айт.

21-билет

1. Қасым Аманжоловтың «Дауыл» өлеңінің екі шумағын айтып бер.
2. Кейіптеу туралы түсінік бер.

22-билет

1. Мағжан Жұмабаевтың «Сағындым» өлеңін мәнерлеп, жатқа айт.

2. Портрет туралы түсінік бер.

23-билет

1. Мұхтар Шахановтың «Отырар сазы» дастанына қысқаша мәлімет бер.
2. Ыбырай Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңін жатқа айт.

24-билет

1. «Жақсылық пен Жамандық» ертегісінің мазмұнын айт.
2. Тұманбай Молдағалиевтың «Бауырлар» өлеңін жатқа айт.

25-билет

1. Қалмақан Әбдіқадыров «Қар күреген бала» әңгмесінен үзінді айт.
2. «Керқұла атты Кендебай» ертегісіндегі Кендебайға мінездеме бер.

26-билет

1. Фариза Оңғарсынованың «Оюлар» өлеңін мәнерлеп айт.
2. «Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?» тақырып жағынан аңыз әңгімелердің қайсы түріне жатады?

27-билет

1. Данэл Дефоның «Робизон Крузо» әңгімесін толық баяндап бер.
2. «Тұсау кесер» жырын жатқа айтып бер.

28-билет

1. Мұхтар Әуезовтің «Ақын қонақтар» шығармасы жайлы түсінік бер.
2. Айбектің «Қыр елінде» әңгімесінен қысқаша айтып бер.

29-билет

1. Сәкен Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңін жатқа айтып бер.
2. Аңыз әңгіме «Ақсақ құлан, Жошы хан» шығармасынан үзінді айтып бер.

30-билет

1. Асыл мұралар «Қабуснама» кітабы туралы түсінік бер.
2. Махамбет Өтемісұлының өмірі жайлы айтып бер.

31-билет

1. Әдеби ертегі дегеніміз қандай ертегі?
2. Беташар қай кезде айтылады?

32 - билет

1. Өтірік өлең айтқан кім?
2. Портрет дегеніміз не?

33 - билет

1. Тұманбай Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңінің авторын тап.
2. Абдулла Ариповтың қандай шығармаларын білесің?

34 - билет

1. Кабуснама «Ата-ананы құрметтеу туралы» түсінгеніңді айт.
2. Махамбет Өтемісұлы «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін жатқа айт.

35-билет

1. Сәкен Жүнісовтің «Ақырғы Бәйге» шығармасы жайлы айтып бер.
2. Махамбет Өтемісұлының «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңін жатқа айт.

36 - билет

1. Жаңылтпаштардан үзінді айт.
2. Қазыбек пен Бұқар жыраулардың толғауларынан айт.

37-билет

1. Байдалы би кімге көңіл айтып барады?
2. Ілияс Жансүгіровтің өмірі жайлы мәлімет бер.

38 -билет

1. «Құлагер» қай шығарманың кейіпкері?
2. «Ақын қонақтар» әңгімесінің авторын тап.

39 - билет

1. Александр Пушкиннің өмір жолы «Балықшы мен балық» ертегісінің мазмұнын айт.
2. Абай Құнанбаевтың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін жатқа айт.

40-билет

1. Шыңғыс Айтматовтың өмір жолы мен «Ерте келген тырналар» повесті туралы айтып бер.
2. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Шілде» өлеңін жатқа айт.

Қазақ тілі пәнінен басқышты емтихан үшін ұсыныс

7-сынып

Қазақ тіл білімінің негізгі міндеттерінен бірі болған сауаттылықты кемелдендіруде 7-сыныпта қазақ тілінен басқышты емтихан жазба жұмыс, яғни диктант түрінде өткізіледі.

Диктант оқушылардың сауаттылығымен бірге тіл құрылымы бойынша алған білімдерін пысықтау, бұл білімдерді практикамен ұштастыру дағдысы және жазба тілін құрау біліктілігіннен тұратынын білдіреді.

Таңдалған диктант төмендегі талаптарға сай болуы қажет:

оқушылардың оқу жылы барысында үйренілген тақырыптар бойынша білім мен біліктерін пысықтауға және сауаттылығын тексеруге қызмет етуі;

диктант мәтінінің көлемі 120-150 сөзден құралып, өтілген тақырыптарға толық сәйкес келетін және алынған білімдерінен сынау мүмкіндігін беретін материал таңдалуы;

тандалған мәтін оқыушыға белгілі бір оқулықтан алынбай, мүмкіндігінше шығармашылық тұрғыда болуы, өзбетінше оқылған немесе оқышыға бейтаныс болған шығармалардан алынып, білімдік, тәрбиелік маңызға ие болуы қажет.

Диктант оқып есіттіру арқылы жазыдырылады. Диктант жазылғаннан соң мәтін қайта мәнерлеп оқып беріледі.

Диктант жазу үшін 1 астрономиялық 60 минут беріледі.

Диктант төмендегі бағалау мөлшері негізінде бағаланады

МӨЛШЕРЛЕР	БАЛЛ
Көркем жазылған, 1 емлелік 2 тыныс белгісі болған диктантқа қойылады. (Бұл: 1/2 пішінде белгіленеді).	5 балл
Қателер саны түрліше болуы мүмкін: 2 емлелік + 2 тыныс белгі қатесі; 1 емлелік + 3 тыныс белгі қатесі; 0 емлелік + 4 тыныс белгі қатесі. (Бұл: 2\2; 1\3; 0\4) Қателер түрі өзгеруі мүмкін, бірақ олардың жалпы мөлшері 5-тен, емлелік қателер саны 2-ден аспау керек.	4 балл
4 емлелік + 4 тыныс белгі қатесі; 3 емлелік + 5 тыныс белгі қатесі; 0 емлелік + 7 тыныс белгі қатесі; 4 емлелік + 6 тыныс белгі қатесі. (Бұл: 4\4; 3\5; 0\7; 4\6). Бірақ емлелік қателер саны 4-тен аспауы керек.	3 балл
7 емлелік + 7 тыныс белгі қатесі; 6 емлелік + 8 тыныс белгі қатесі; 5 емлелік + 9 тыныс белгі қатесі; 8 емлелік + 6 тыныс белгі қатесі. (Бұл: 7\7; 6\ 5\9; 8\6) Әр түрлі 7-еуден артық емлелік қатеге қойылады.	2 балл

Ескерту:

1. Белгіленген мөлшерлерден артықша қателіктер болса «1» қойылады.
2. Диктантқа баға қоюда белгіленген мөлшерде шекара болуы керек.

Мәселен: «4» баға үшін емлелік қателер саны 3-еуден, «3» баға үшін емлелік қателер саны 4 –еуден аспауы және «2» баға үшін емлелік қателер саны 7 –еуден аспауы керек.

3. Диктант мәтіндегі түзетулер саны 3 немесе одан артық болған диктантқа “5” баға қойылмайды;

4. Түзетулердің саны 5 немесе одан да көп болса диктант бағасы өзінен бір балға төмендетіліп қойылады. Мұндай жағдайда мәселен: “4” баға “3” бағаға түсіріледі.

Егер тыныс белгі қатесі мүлдем болмай, тек қана 4 -5 емелелік қатесі болса “3” баға қойылады.

ДИКТАНТ ҮШІН МӘТІНДЕРДЕН ҮЛГІЛЕР ҚАҢТАР

Қаңтар айы – жыл басы, қыс ортасы. Қаңтардың суығы қатты, даланы, орманды аппақ қар басады. Құстың, аңдардың ізі қардан анық көрінеді. Жемтік іздеген қасқыр, түлкі тынбай жортады. Қасқыр жайылымдағы жылқы, сиырды аңиды. Жылқы тепкілеп, қасқырды қуады, үйірін қорғайды.

Түлкі қулық жасап, ағаш арасында тышқан інін, қоянның жымын аңдып, қылт етіп далаға шыққандарын бас салады. Аю болса, ештеңеге алаңдамай, апанында жатып, ұзақ ұйқыға кетеді.

Ормандағы бұлғын ізін жасырып, алдыңғы аяғы басқан жерге артқы аяғын дәл түсіреді. Ол екі аяқтың ізі сияқты боп көрінеді. Осы әдіспен бұлғын қоян, құр, шіл сияқты құстарды аулайды.

Қыста көп жортатын қасқыр, бұлғын, түлкі, ақкіс, ақ тиін, қоян, тышқан іздері далада сайрап жатады.

Қар астыннан қылтиып көрінген қурай мен шөптерді қырау басып, үлпілдеп тұрады.

(116 сөз)

(Ж. Өмірбеков)

ҚАРАҒАЙ

Қарағай топырақ пен ылғалға көп талап қоймайды. Оның жуан тамырлары жерді терең бойлап өседі. Сондықтан қарағай су мен қоректік заттарды жердің терең қабатынан ала алады. Ол көбінесе құрғақ, құнарсыз, құмдақ топырықты мекендейді. Қарағайлар топырықтың үстіңгі құнарлы қабаты қазып алынған құмға, темір жол бойындағы шұңқырларға жиі қоныстанады. Қарағайлар далалы аудандарда құмды бекіту үшін, ормандандыру үшін отырғызылады.

Қарағай – жарық сүйгіш өсімдік. Ол тіпті азғана көлеңкелегенді де көтере алмайды. Шөп тектес қалың бүркеніші бар жерлер де қарағайға жайсыз. Өйткені қалың биік шөптер қарағайдың көктерін тұншықтырып тастайды. Қарағай орманның көлеңкесінде де өсе алмайды.

Қарағай биік өсімдік. Биіктігі 40 метрге жететін қарағай жиі кездеседі. Қарағай 400 жылға дейін, кейде тіпті онан да көп тіршілік етеді. Қарағай әдетте жаппай ну болып өседі.

(116 сөз)

(«Өсімдіктану» оқулығынан)

ҚЫРМАНДА

Қырман қызып, қамбаға астық құйыла бастаған шақ еді. Бала-шағаға дейін қырман қызығында жүретін-ді. Ерсілі-қарсылы егіз арбалар қырман мен егістік арасын ақшаңдақ жолға айналдырды. Аумағы алты қанат үш үйдің орнындай қырманда алты түйе шыр көбелек айналады. Жас сабан сары түйедей эп-сәтте үйіліп қалады. Үстінде бала-шаға асыр салады. Бір топ қатын-қалаш жел жақта тары ұшырып жүр. Ағаш күректермен ақ маржан тарыны көсіп-көсіп алады да, жоғарыдан төмен суылдатады.

Бадандай-бадандай алтын дәндер шаң-тозаңнан арылып, жал-жал боп үйіліп жатады. Сол мол ырыздықты еркін кешіп, ұзын шұбақ жаюлы жатқан алашардың үстіне әкеп бірнеше адамтарыны шапшаң-шапшаң електен өткізеді. Қықым-сиқымнан әбден тазартысымен қапшықтап, таразыға салып, ауыздарын шуда жіппен сықита тігіп, дереу арбаға тиеп, қоймаға жөнелтіп тұрған екінші топтағылар да айрықша қам-қаракет үстінде еді.

“Нұрлы жол” газетінен (125 сөз)

9- СЫНЫП БІТІРУШІЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БОЙЫНША ҰСЫНЫС

Мазмұндама жазуда оқушылар мәтін мазмұнын қандай түсінгендері, өз пікір мен түсініктерін шығармашылық және өзбетінше мазмұндалған, жазба тіл біліктілігі мен сауаттылығы сынап көріледі. Шығармашылық мазмұндама көлемі 9-сынып үшін 3,5 – 4 бет болуы мүмкін. Белгіленген уақыт 2 сағат (120 минут) болып, 5 балдық жүйеде бағаланады.

Айта кетерлік жайт, білмдік мазмұндаманың күрделі түрлерінен бірі – шығармашылық мазмұндама таңдалған мәтін мазмұнына оқушының шығармашылықпен жандасу тарапынан мазмұндаманың басқа түрлерінен ерекшеленеді. Мұнда оқушы мәтінге бейне құралдарын қосып немесе адамилық және емлелік тапсырмалар енгізген болмаса оқытушы бастап берген әңгімені жалғастыру түрінде мазмұндама жазылуы мүмкін.

Бейнелі құралдардан пайдаланып мазмұндама жазуда оқушы мәтін мазмұнына байланыстырып, өзбетінше кейбір нәрсе, оқиға жағдайларды бейнелейді. Бастап беру жолымен мазмұндама жазуда басталуы берілген мәтінді оқушылар шығармашылық тұрғыда жалғастырып, оны толық мәтін түріне келтіреді. Мазмұндама мәтіні оқытушы тарапынан бір рет оқып беріледі.

Оқушы мазмұндама мазмұнының бірізділігі мен лингвистикалық құрылысы тарапынан талап дәрежесінде болуымен бірге, сауатты болуы керек. Сондай-ақ, мазмұндаманың жоспар негізінде жазылуына қолжеткізуі қажет. Анық түзілген жоспар оқушы мазмұнының бірізділігі мен логикалық болуын қамтиды.

Мазмұндама үшін екі баға, яғни, мазмұны мен сауаттылығына (5/5 түрінде) қойылады.

Оқушылардың жазба жұмыстары төмендегі бағалау мөлшерлері негізінде бағаланады:

Мөлшерлер	Мазмұны	Сауаттылығы
Жоспар тақырыпқа сай түзілген, мәтін мазмұны дұрыс баяндалған болса, сөз байлығы, сөйлем құрауы және стильдік жағынан әдеби тіл талаптарына сай болып, мазмұн және баяндауда бір екі қатеге жол қойылса, сауаттылықта дәрекі болмаған бір емлелік немесе екі тыныс белгі қатесі болса, стильдік қатесі болмаса;	5 балл	5 балл
Мәтін жоспар негізінде жазылып, сөз таңдауда және бейнелеу құрылысы әртүрлі болса, мазмұны мен бейнелеуде кемшілік болып, сауаттылықта 2 емлелік, 2 тыныс белгісі және екеуге дейін стильдік қате болса;	4 балл	4 балл
Тақырып толық қамтылмаған, мазмұнын баяндауда сөз байлығы, сөйлем құрауда олқылығы сезіліп тұрса, 3 стильдік, 4 емлелік, 3 тыныс белгі қатесі болса;	3 балл	3 балл
Тақырып мазмұны көп бұзылған болса, жұмыс жоспарға сай жазылмаған болса, пікірлерін баяндауда және құрастыруда	2 балл	2 балл

кемшіліктер болса, пікірлер бір-бірімен байланыспаса, сөз байлығы таяз болып, мазмұны мен бейнелеуде 5-6-ға дейін кемшілгі болса, сауаттылығында 7-ге дейін емле, 7-ге дейін тыныс белгісі, 7-ге дейін стильдік қателер болса;		
Көлемі “2” балл бағаланған мөлшерден асып кетсе қойылады.	1 балл	1 балл

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МАЗМҰДАМА ҮШІН МӘТІН ҮЛГІЛЕРІ ЖИРЕН ЖАМАН ӘДЕТТЕН

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды әдеттерден аулақ болу қажет. Оларға темекі, алкоголь, есірткі, тағы басқа заттар жатады. Бұл заттарды пайдаланған ағза түрлі ауруларға шалдығады. Сондықтан да мұндай зиянды заттардың зардаптарын білген адам олардан аулақ жүреді.

Солардың бірі – темекі тарту. Бұл зиянды әдет басыбайлықтың бір түрі. «Жасында темекісін бұдақтатқан – күркілдер қартайғанда сұлап жатқан» - деп халық мақалдарында айтылғанындай, темекі адам ағзасына өте зиянды зат. Темекі түтіні зиянды және улы заттардың жиындысы болып, ол ауызға, тыныс жолдарымен өкпеге, өкпеден қанға сіңіп, барлық ішкі мүшелерге тарайды. Сілекей арқылы жұтынғанда өңешке және асқазанға барады. Одан бұрын ауыздағы, еріндегі, тіл мен таңдайдағы жүйке талшықтарын, сілекей бездерін улайды. Темекі түтіні үнемі тыныс жолдары арқылы өтетін болғандықтан темекі тартатын адамдардың дерлік барлығы фарангит, бронхит сияқты тыныс жолдарының созылмалы ауруларына дұшар болады. Мәліметтерге қарағанда, бронхитпен ауырғандардың 75 пайызын темекі тартушылар құрайды.

Жастайынан шылым шегушілер ұмытшақ болып, оқуы кері кете бастайды. Ұрысқақ, ашушаң болып қалады. Өкпе-жүрек, қан тамырларының жұмысы нашарлайды. Темекі адам ағзасының ішкі қызметін бұзумен қатар, адамның сыртқы келбетіне де кері әсер етеді. Түтіннен шыққан улы заттар беттегі майда қан тамырларын зақымдайды. Қазіргі күнде мектеп оқушылары арасында темекі шегу әдетке айналған. Олардың кейбірі темекі шегетін ата-анасына, ағайын-туғандарына, бірге жүретін жолдастарына еліктесе, енді біреулері өзін ересек көрсету үшін темекі тартады. Бүгінгі таңда қыздардың да темекі шеккені өзекті өртейтін жағдай. Темекі шегуші ананың құрсағындағы сәбидің барлық ағзасы ана құрсағында жатып-ақ уланады. Мұндай аналардың ақыл-ойында ауытқуы бар, жарымжан, кеміс балалар дүниеге келеді. Жыл сайын жер бетінде темекіден үш миллион адам, яғни әр он үш секунд сайын бір адам көз жұмады.

Бүгінгі ақпарат технологиялары дамыған кезеңде, жас ұрпақ миы көп мәліметтерді қамтуға тиісті шақта санамызды қолдан улау өзімізге-өзіміз жасаған қиянат емес пе?! Жаман әдетке үйрену оңай, одан құтылу қиын.

Есінді жи, замандас!

(«Нұрлы жол» газетінен)

Тапсырма: Мәтінге еркін жоспар жасап, өз пікір-ойларыңды білдіріңдер.

ҚАРЛЫҒАШТАР ҚАЙТҚАНДА

Райхан биыл мектепке барады. Қызығы сол, жаңа оқу жылына ол жаз бойы дайындалды. Ағасы дүкеннен дәптер, қалам, сөмке сатып әкелді. Атасы бойына құйып қойғандай әдемі ақ жібек көйлек томпиған аяғына шап-шақ су жаңа қызыл туфли сыйлады. Бір күні көйлегі мен туфлиін киіп, мектепке баратындай сән-салтанатпен үй ішіндегі айна алдында ерсілі-қарсылы жүрді, өзіне жарасып-ақ тұр, көзі нұрлана түскен. «Тезірек» оқу жылы басталса» деген ой қылаң етті.

– Аға, мектепке баруға қанша күн қалды? – деді.

– Әлі он күн бар, Райхан, – деді ағасы қос қолының саусақтарын жайып.

– О–о, әлі де көп екен, – Райхан шыдамсыздана сөйледі. Мектепке тап бүгін не ертең барғасы келіп, жүрегі алып ұшты.

– Асықпа, жаным. Он күн деген не, тәйірі. Көзді ашып-жұмғанша өтеді де шығады, – деді атасы қою қасты қабағын ашып.

Шынында да, он күн зымырап өте шықты. Мектепке баратын күні Райхан ерте оянды. Қолы мен бетін жылы суға жуды. Есік алдына шыққан еді, күздің күні суып-ақ қалыпты. Ауа салқын тартқан. Бағана сымдарында қысыла, қымтырыла қарлығаштар қонақтаған. Бұрынғыдай емін-еркін ұшып жүргендері жоқ.

– Аға, – деді Райхан, қарлығаштар жаурап қалыпты. Ұша алмайды бәрі де.

– Райхан, мінеки күз түсті. Енді олар жылы жаққа ұшып кетеді. Топтанып, қауымдасып келер жылдың көктемінде тағы да келеді, – ағасы да қарлығаштарға қызыға қарады.

– Айналайын, қызым. Қарлығаштарға «Ұшқанда қанаттарың талмасын» деп тілек айт та, мектебіңе бара ғой. Көшеде құрбыларың күтіп қалды, – деді атасы Райханға жақындай түсіп.

– Қарлығаштар, ешқашан шаршамандар, келер жылы да біздің үйді ұмытпай ұшып келіңдер. Ал мен кеттім мектепке. Сау болыңдар, – деп Райхан кіп-кішкентай қолдарын бұлғады.

Атасы мен ағасы сезімтал Райханның соңынан ауладан шыққанша қарап қалды.

Райхан мектептен келгенде қарлығаштар бағана сымдарында жоқ еді. Райхан күні бойы қарлығаштар мен жаңа тапқан құрбыларын есіне алды. Қарлығаштармен қоштасып, жаңа достармен қауышу оны соншалықты рақат күйге бөледі.

Біраздан соң Райхан құрбыларымен бірге қарлығаштар ұшып кеткен бағана сымдарының астында қаннен қаперсіз ойнап жатты.

(Ыбырай Алтынсарин)

Тапсырма: Мәтінге өз пікір-ойларыңды білдіріп, шығармашылық мазмұндамаға жай жоспар түзіндер.

ҚОРҚЫТ АТА

«Қорқыт – күй атасы» деген сөз бекер айтылмаса керек. Ол – қазақтың ерте заманғы тайпаларының ұлы ойшылы, абызы, күйшісі әрі көріпкелі. Қорқыт ата Сыр бойы мен Сарыарқа алқабында ғұмыр кешкен. Қорқыт туралы бірден-бір жазба дерек – «Қорқыт ата кітабы». Сол кітап былай басталады: «Баят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңір зердесіне салған соң оның барлық болжамдары қатесіз болған... Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен... Ел оның барлық өсиетін бұлжытпай орындаған...»

Қорқыт ата – халыққа жол көрсетуші басты тұлға. Ел ішіндегі салт-дәстүрді реттеуші, сыртқы жаудан, ішкі даудан сақтандырушы болған, көші-қонын, мекен-тұрағын, ен-таңбасын, ұран-ұжымын белгілеп отырған білгір екені даусыз. Қобызда күй шалу дәстүрін алғаш дүниеге әкелген де осы адам. Ол қобызын серік ете отырып, ел қамы мен халық тағдырын болжайтын көріпкелі де.

Ойға тоқитын жайт, түркі халықтарының ішінде Қорқыт күйлерін сақтап, бүгінгі күнге дейін жеткізе алған ұлт қазақ ұлты болып отыр. Бір қызығы, қазақ арасында Қорқыт өміріне қатысты аңыз-әңгімелердің басым көпшілігі күймен жетектеліп, күймен сабақтасып отырады. Ел ішінде «Қорқыт күйі», «Қорқыт сарыны», «Қоңыр», «Тәңір күй», «Қорқыттың елмен қоштасуы» деп келетін қобыз күйлері, байырғы сарындар күні бүгінге дейін тартылады.

Қазақта күй өнерінде Қорқыт атаның өзіндік дәстүрі қалыптасқан. Кейінгі заманда Ықылас, Молықпай күйшілер атақты бабаның күйлерін тартқан, оны елге таратқан. Одан кейінгі уақытта да қазақта Жаппас Қаламбаев, Дәулет Мықтыбаев, Фатима Балғаева сынды атақты күйшілер қобыздың қыл пернесінің үнін қазақ даласында боздатып, еңіреткен. Қазіргі кезеңде қобызды ойнаумен айналысатын жас жігіттер мен қыздар өте көп.

Халық өз данасын ұмытқан емес. Осыдан біраз жыл бұрын ел Сырдың суы шайып кетпес үшін Қорқыт ата мәйітін орнынан ауыстырып жерледі. Үлкен ескерткіш белгі орнатылды. Онда бір-бірімен бас түйістірген төрт зәулім қобыз бейнеленген, сол мүсіннен ен дала желімен астасқан Қорқыт сарыны үлдеп естіліп тұрады.

Қазіргі уақытта Сыр бойынан жүріп өткен адам Қорқыт ата ескеркішін көріп, бұрынғы өмір белестеріне ой жүгіртері анық.

Ш.Күмісбайұлы

Тапсырма:

1. Мәтін жоспарын құрастырындар.
2. Мәтінге еркін шолу жасап, өз пікір-ойларыңды білдіріңдер.

11- СЫНЫП БІТІРУШІЛЕРІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАР

Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен игерген дағды, біліктері мен компетенттігі оның ауызша тіл дамыту үдерісінде бақылауымен бірге ол жаратқан түрлі мәтінде де өз көрінісін табады. Белгілі, 11-

сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің негізгі көрсеткіші оқушылардың пікірлері логикалық жүйелілікте болуы, өзбетінше анық және дұрыс баяндау біліктілігі мен білімдерінің кеңдігі және дүниеқарасының байлығы мен жазба сауаттылық дәрежесімен белгіленеді.

Соған сәйкес 11 - сынып бітірушілері ана тілі пәнінен қорытынды емтиханда **шығармашылық шығарма** жазады. Шығарма әдеби-шығармашылық және еркін тақырыптарда жазылады. Оқушылардың қорытынды бақылау шығармасы арқылы жазба сауаттылығын анықтаумен бірге шығармашылықтың рухани мирасын кең түрде үгіттеу, шығармашылық мирасын руханиятымыздың өмірлік дереккөзі және құрамды бөлімге айналдыру мен ізгілік идеялары арқылы жастарды салауатты тұлға етіп даярлаудан тұрады. Ұсынылған тақырыптар мектептің методбірлестігінде талқылаудан өткізіліп, методбірлестік және педагогикалық кеңес қаулысымен бекітіледі. Бітірушілердің әдебиет пәнінен қорытынды бақылау бойынша белгіленген тақырыптарды 15 пайызға өзгертіру мүмкін. Шығарма тақырыптары 3 вариантта дайындалады. Әрбір вариантта екі тақырып (2 әдеби-шығармашылық, 1 еркін тақырып) белгіленеді. Өз қалауы бойынша бір оқушы тарапынан варианттардан (конверттен) біреуін таңдап алады. Таңдап алынған конверттегі мәтін тақырыптары оқушыларға оқып есіттіріледі, оқушылар бұл тақырыптан бірін таңдайды да сол тақырып тақатаға (досқаға) жазып қойылады. Үлгілі жоспар да түзіліп тақтаға жазылған соң **3 сағат (180 минут)** уақыт белгіленеді.

Шығармашылық шығарма үшін екі баға, яғни, мазмұны мен сауаттылығына (5/5 түрде) қойылады.

Шығарма 11-сыныптарда 3 беттен 5 бетке дейін болуы қажет.

11- сынып бітірушілерінің қорытынды емтихан үшін төмендегі тақырыптар ұсынылды:

I вариант

1. Жұртына білім сыйлаған... (*Біырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі*).
2. Ғазелдер сұлтаны – Әлішер Науаи жайлы.
3. «Кітап – асыл мұра» (*Кітап оқырмандары үшін*).

II вариант

1. «Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам» (*Ахмет Байтұрсынов өлеңдеріндегі азаттық рухы*).
2. Аса дарын иесі – «Адамзаттың Айтматовы» атанған Шыңғыс Айтматов еңбектері жайлы.
3. Болашақ – білімді жастар қолында.

III вариант

1. С. Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасындағы Сұлушаш бейнесі.
2. Абай - дана, Абай дара - қазақта. (*Абай Құнанбаевтың шығармалары жайлы*)

3. Конституция – егемендігіміз тірегі.

IV вариант

1. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу» романындағы Қамар бейнесі.
2. Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романындағы Жамал бейнесі.
3. Әдептілік, ізеттілік әлемі.

Жазба жұмыс төмендегі бағалау мөлшерлері негізінде бағаланады

Баға	Мазмұны	Сауаттылығы
“5”	<ul style="list-style-type: none"> ✓ Жазба жұмыстың жоспары тақырып мазмұнын толық қамтып алса; ✓ жұмыс мазмұны тақырып, жоспармен толық сай келсе; ✓ жазба жұмыс мазмұны жүйелі, үздіксіз түрде баяндалған болса; ✓ жазба тілдің лексикалық байлығы, сөздердің өз орнында қолданылуы мен синтаксистік сөйлем құрылысының әртүрлілігі мен ажыралып тұрса; ✓ жазба жұмыста ұлттық және жалпыадамилық құндылықтар негізінде қанатты сөз, мақал-мәтел мен статистикалық мәліметтерден орынды пайдаланған және келтірілген мәліметтер дәлелді болса; ✓ мәтін мазмұнының құрылысының жекешілдігі мен мәнерлілігі (көркем бейне, қаһармандарға мінездеме беру т.б.) мен ажыралып тұрса; ✓ жазба жұмыста әдеби тіл заңдылықтарына мойынсұнған, тақырып мазмұнының қазіргі дәуірмен байланыстылығы, жалпы қорытындалған болса. 	Мәтін көркемжазумен жазылып, 1 емлелік, 1 тыныс белгі қатесі, 1 грамматикалық қателіктер болса, бұл 1/1/1 түрінде белгіленеді.
“4”	<ul style="list-style-type: none"> ✓ жазба жұмыс жоспарға сай, мазмұны толық баяндалған болса, бірақ кейбір жайларда келтірілген оқиға-бейнелерде анық болмағандар бар болса; ✓ жазба жұмыс жоспары, мәтін мазмұны тақырыпқа (70 пайызға дейін) сәйкес келсе; ✓ ұлттық және жалпыадамилық құндылықтардан, қанатты сөз, мақал-мәтелді орынды пайдаланған бірақ өзбетінше пікірлерді баяндауда кетпе-кеттігі аздап бұзылған болса; ✓ жазба тілдің лексикалық, грамматикалық құрылысын түрліше пайдаланған болса; ✓ мәтіннің мазмұн құрылысының жекешілдігі және мәнерлілігімен ажыралып тұрса; ✓ тақырып әдеби тіл мөлшерлеріне мойынсұнған, жалпы қорытындалған болса, бірақ мәтін мазмұнында тықырыптан аз ғана ауытқышулық болса . 	Бұл жазба жұмыста қателер саны төмендегіше болғанда: 2 \ 2 \ 3; 1 \ 3 \ 3 ; 0 \ 4 \ 3 . Бірақ грамматикалық қателер саны 3-еуден, емлелік қателерінің жалпы саны 2 –еуден аспауы керек.

“3”	<ul style="list-style-type: none"> ✓ жазба жұмыс анық жазылған, бірақ мәтіндегі 3-4 дәлелдерде қателіктер бар болса; ✓ жазба жұмыста белгіленген тақырыптан ауытқушылық (тақырыпқа қатынасы болмаған мәліметтер) бар болса ; ✓ жазылған мәтіннің тақырыпқа әйкестігі 70% - дан кем болған қателерде; ✓ мәтіннің жоспарларын баяндауда кетпектілік бұзылса; ✓ жазба тілде лексикалық байлығы жоқ, сөйлем құрау әдістері біркелкі болса; ✓ мәтінде сөздерді орынсыз жұмсалған жағдайлары бар болса; ✓ мәтіннің құрылысында біркелкілік жоқ, мәнерлі баяндалмаған болса. 	<p>Мұнда қателер төмендегіше болғанда:</p> <p>0 \ 5 \ 7; 1 \ 4-7 \ 4; 2 \ 3-6 \ 4; 4 \ 4 \ 4; 3 \ 5 \ 4;</p>
“2”	<ul style="list-style-type: none"> ✓ жазбаша жұмыс мазмұны, жоспарға мүлдем дұрыс дұрыс келмеген болса; ✓ дәлелдерде қателіктер көп болса; ✓ мәтіннің тақырыпқа сәйкестігі 50% да қамтып алынбаған болса; ✓ тақырыптың жоспарларын баяндауда кетпектілік бүтіндей бұзылған, тақырыппен жоспар бір-біріне дұрыс келмесе; ✓ жазба тілді дұрыс түзілмеген, мазмұнында көркем бейнелер, қаһармандарға мінездемелер мүлдем берілмеген, жұмыстың мәтінде қысқа біркелкі типтегі жалпы сөздерді қолдау негізінде баяндалған, сөздер орынсыз істетілген болса; ✓ мәтінде сөйлем құрылысы бүтіндей бұзылған болса. 	<p>Қателер саны түрліше болуы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> – жазба жұмыста тыныс белгі қателері қанша болудан тыс, 5 емлелік қатеге жол қайғанда; – 8 немесе одан артық тыныс белгі қателер, емлелік қателер болғанда; – емле мен тыныс белгі қателіктер 8, грамматикалық қателер саны 5 болғанда.
“1”	Жоғарыда көрсетілген мөлшерлерден төмен дәрежеде жазылған мәтінге қойылады.	7 және одан артық грамматикалық қателіктер болса.

Ескерту:

1. Жазба жұмысты бағалауда оқушының өзбетінше пікірлері, салыстыру, бейнелеу стилі, заманға сай талдаулар, жазба тіл сауаттылығы, сөйлем құрылысы, жеке пікірлердің орынды жұмсалуды, шығармашылық тұрғыдан жандасуына қарап бір балға асырып қойылуы мүмкін.

2. Егер мәтіннің көлемі белгіленген беттен 1,5 немесе 2 есе артық болса жоғарыда көрсетілген мөлшерден біреуге асырылады. Бірақ “5” баға қойылатын жазба жұмыс бұдан тыс. Мәселен: “4” баға қойылатын жазба жұмыста қателер санын әр бірінен (жоғарыда белгіленген емлелік, тыныс белгі сияқты.) 1 -еуге, “3” қойылатын жазба жұмыста 2 -еуге асырылады.

3. Мәтіннің тақырыбы мүлдем баяндалмаған болса, бірінші баға тікелей қанағаттанарсыз деп қойылады.

Республика білім орталығы методистері:

Г.Нышанова
Ө.Байқабылов.